ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 24 қазан №4712-24-00-2/3762 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.О.Метеркулова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№61 «Сұлтан» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
ЖК Даулетбаева, басшысы Дайлетбаева Жазира Кайнарбаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-5, 223-226, 229 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою –қанағаттандырылсын.

ЖК Даулетбаева, басшысы Дайлетбаева Жазира Кайнарбаевна, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК Даулетбаева, басшысы Дайлетбаева Жазира Кайнарбаевна, мемлекет пайдасына 9990 (тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан) теңге тұрақсыздық айыппұл, 1946 (бір мың тоғыз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 24.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Метеркулова Г. О., 03.12.2024

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Г.О.Метеркулова

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 24 қазанда дайындалды.

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 24.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Метеркулова Г. О., 03.12.2024

4712-24-3-1/3512